

Бекітемін:

Мектеп меңгерушісі Шалабаева Ж.С.



ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы : Милы бастауыш білім беретін мектебі , «Шұғыла» шағын орталығы

Топ: кіші

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 30.10 - 03.11.2023ж.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен кенес, әңгімелесу	Әңгімелесу: "Баланың тәбетін қалай ашамыз?", "Табиғи азық-түліктердің баланың денсаулығына пайдасы", "Дәрумендер жемістерде ғана бола ма?"				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруді көрсету; балықтардың дене мүшелеріне, қимылына, коректенуіне көңіл аудару; бақылағыштыққа тәрбиелеу.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, сарғайып қурап қалған жапырақтарды үзіп алып тастау әрекетіне көңіл аудару; өсімдіктердің жасыл жапырақты болуын байқату; суқұйғыш арқылы суаруды көрсету.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Ойыншық бұрышының шаңын сүрту әрекетіне көңіл аудару, колмен шүберекті ұстап, сөрелердің үстімен жүргізуді көрсету, тазалықтың маңызы туралы түсіндіру.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін, бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; ойыншықтармен ойнағанда тазалықты сақтау туралы түсіндіру.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус жапырақтарының жалпақ, үлкен, бетінің тегіс болуын бақылау.

	"Жүк көлігі не әкелді? дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттері. Баланың дүниетанымын кеңейту, заттарды атауға ынталандыру. Педагог ойыншық жүк көлігімен түрлі заттарды әкеледі, бала оның атауын атайды, түсі мен пішінін айту үшін қолына алады. - Бұл ненің дыбысы? - Бұл ненің жүрісі? - Биіп-биіп! Абайландар, балалар! Шанағымда сендер үшін сыйлықтар бар! Д. Ахметова - Балалар, жүк көлігі не әкелді? (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)	"Көгөністер дүкені" ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға көгөністер, көгөніс сатушының қызметі жайында ұғымдарын қалыптастыру; коммуникативтік қабілеттерді дамыту. Сатушы: - Сәлеметсіңдер ме, балалар, не үшін келдіңдер? Балалар: - Көгөністер сатып алуға келдік. Сатушы: - Менің дүкенім сиқырлы жер. Себебі, көгөністерді дұрыс табылған жауаптарға ғана беремін. Жұмбақ шешуге дайынсыңдар ма? Жұмбақтар. Доптар жатыр желісі бар, Қабат-қабат терісі бар. (Орамжапырақ.)	Саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Баланың тілін, қолдың моторикасын, еске сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру. Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев "Сен қайда бардың?" (орыс халқының тақпағы) - Бармақтай балғын! Сен қайда бардың? - Мына бауырыммен Орманға бардым, Мына бауырыммен Іштім де кеспе, Мына бауырыммен Дөп-ботқа жескем, Мына бауырыммен Ән салдым кеште. (сөйлеуді дамыту)	Пазлды жинау. "Қарбыз". Мақсат-міндеттері. Балаларға екі немесе төрт бөліктерден қарбыздың тұтас пішінін құрастыруды үйрету; қарбыздың пішінін дөңгелек екенін бекіту; қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Педагог әртүрлі түстерге боялған (қатты қағазға жапсырылған) қарбыздың суретін екі немесе төрт бөлікке қиып алады. (сенсорика)	Қуыршақ ойыншығымен ойнату. Мақсат-міндеттері. Балалардың қуыршақ ойыншығын әлдилеуі арқылы балаға алғашқы әлеуметтік қатынастар үлгісін көрсету, эмоционалдық жауап қайтаруға ынталандыру. С. Әлімқұлов "Әлди, әлди!" Әлди, әлди! Әлди, әлди, бөпешім, Ән сап берем, келе ғой. Жыламашы, көкешім, Жұбатқанға көне ғой. Ұйқың келсе, бөлейін, Тербетейін есікке, Қаз-қаз басшы, көрейін, Барып келші есікке. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
--	--	--	---	--	---

		Ашулы қонақ бұл анық, Тоңып шешсе, жыладық. (Пияз.) (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, математика негіздері, құрастыру, сурет салу)			
Ертеңгілік жаттығу	(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі) 1. "Керілу жаттығулары". Бастапқы қалып: аяқты бірге немесе иық деңгейіне сай қою. Бір қолды жоғары көтеру, екіншісін жанына қарай созу, осы ретпен кері тәртіпте кезек-кезек қайталайды. Жаттығу баяу, ақырын жасалуы тиіс. Ырғақ: 1-2 -керілу- тыныс алу; 3-4 бастапқы қалыпқа оралу, тыныс алу. 2. "Қол және иыққа арналған жаттығулар". Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне сай қою. Қолды иыққа қою. Қолды иыққа қарай иген күйде айналдыра қозғау. Түзу тұрған қолды айналдыру. Бір қолды жоғары көтеру, екіншісін кейін сермеу, осы қимылдар бірнеше рет қайталанады. 3. "Аяққа арналған жаттығулар". Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне сай қою. Аяқтың ұшына көтерілу, қайтадан өкшемен төмен түсу. (3 рет қайталау) (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне көңілді ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. - Не әкелдің, жомарт күз? - Бір қап көгөніс. - Не әкелдің, жомарт күз? - Дәмі тәтті жеміс.				

	- Не әкелдің, жомарт күз? - Саңырауқұлақ пен жаңғақ. - Не әкелдің, жомарт күз? - Суық жел әкелдім, алтын жапырақ. Жаңбырды төктім, Бүкіл алқаптан өттім. Абайлаңдар! Қысқа дайындалыңдар! Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту)				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру. "Торғай секілді секірейік". Мақсат-міндеттері. Педагог балалардың психологиялық көңіл күйлерін көтеру үшін шабыттандыратын сөздерді пайдаланады: "Күн бүгін тамаша!", "Торғай секілді көңілді, жеңіл, әрі епті болайық", "Тамаша!", "Жарайсыңдар!" сөздерін пайдалану; түсіндіру, көрсету, баяндау, пысықтау тәсілдерін қолдану. "Торғай секілді секіреміз" ойыны.	Музыка "Тұлпарым" Мақсат-міндеттер. Балаларға тұлпар туралы әнді танып, жағымды эмоциоланды жауап беруге ынталандыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды әуенге сай үйлесімді жасай білу қабілеттерін жетілдіру.	Дене шынықтыру "Домалайды алмалар". Мақсат-міндеттері. Балаларға допты бір-біріне домалату арқылы олардың қимыл белсенділігін қалыптастыру; жаттығулар барысында екі қолымен допты ұстап домалату икемділігіне үйрету; допты дұрыс бағытқа домалату дағдысын меңгерту; игерген жаттығулар мен дағдыларды пысықтау. "Домалайды алмалар!" қимылды	Дене шынықтыру "Күнге ұқсаймыз". Мақсат-міндеттері. Балаларға допты екі қолымен ұстап, бір-біріне домалату жаттығуларын жасау кезіндегі іскерліктерін жетілдіру; допты тура көздеп, бір бағытқа домалата білу дағдысын дамыту; қол мен саусақ бұлшық еттерін дамыта отырып, жаттығуларды ынталанып орындауға қызығушылықтарын арттыру; бір-біріне	Мүсіндеуден ойын жаттығу "Тиінге жаңғақ". Мақсат-міндеттері. Балаларға сазбалшықтың тұтас бір бөлігін алақанда дөңгелектеп илеу техникасын игерту; мүсінделіп шыққан шар тәрізді денені "жаңғақ" деп атауды үйрету; жаңғақты "тиіннің қорегі" деп түсіндіру; қолдың ұсақ моторикасын, танымы мен зейінін дамыту; аңдардың күзгі тіршілігіне қызығушылықтарын ояту.

	Максат-міндеттері. Таяқшалардан екі аяқты қосып секіруді үйрету. Қимыл ептілігін дамыту.		ойыны. Максат-міндеттері. Алмаларды домалатуды үйрету. Қимыл ептілігін дамыту.	сенімділік сезіміне тәрбиелеу.	
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Аула тазалаушының еңбегін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Максат-міндеттері. Балаларды аула тазалаушының еңбегімен таныстыру; аулада сары жапырақтарды сыпырғыш және күрекпен тазалау ісін байқату; еңбекқорлыққа баулу. Қ. Мырза Әли "Көше тазалаушы". - Таныссың ба, бала, менің ісіммен,	Ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Максат-міндеттері. Балаларды қоршаған ортадағы ағаштармен таныстыруды жалғастыру, ағаштардың сары жапырақтары желпілдеп, жайқалып тұрғанын байқату; зейін, ойлау қабілеттерін дамыту. Жанымызда биік ағаштар, Бұталарында жапырақтар. Ағаштар тік тұрады, қозғалмайды,	Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Максат-міндеттері. Балаларды, жапырақтарға қарап, желдің соғып тұрғанын байқауды үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. Саябаққа күз келсе, Жел дамылсыз соғады. Тыным бермей ешкімге, Жұлқылайды бәрін де. Үзіп жатыр, Жұлып жатыр	Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Максат-міндеттері. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. Педагог балаларға	Топырақты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Максат-міндеттері. Балаларға топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету, құрғақ жермен жүруді ұсыну. Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, балаларға балшықтың табанға жабысатынын көрсетуі мүмкін. - Балалар, біз дымқыл жерді басып жүрсек, табанымыз кірлейді. Абайландар! Құрғақ жермен жүрейік. - Балалар, топырақта індер болады. Инде нелер жысырынды? Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды

Көшелерді сыпыратын кісі мен. Қалған-құтқан нәрселерді жұғымсыз Сыпырғышым сыпырады тынымсыз. Ескі-құсқы шүберекті, сүйекті, Қораптарды, түймелерді, тиекті. Шиқылдаған екі жакты арбамен Апарам да аударамын орға мен. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды гүлзарды курап қалған жапырақтардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; әсемдікке қызығушылықты	Жапырақтарын бізге бұлғайды. - Балалар, қазір ағаштардың жапырақтарына не болды? - Иә, жапырақтар сарғайды, жерге түсті. - Күзде жеміс ағаштарында піскен алманы жинаймыз. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Орманмен жүрейік" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды	Барлық сары жапырақты. Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларға ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинату. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Қаздар" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға көркемсөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естігенде бір бағытта, бір-біріне соғылмай, жүгіругді үйрету; жүгіргенде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға	қимылдарды көрсетіп жатады, балалар оның соңынан қайталайды. Алтын күнге ұқсайық, Қолды алға созайық. Қолдарымыз - шуақтар, Жайылады жан-жаққа. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды гүлзарды тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; әсемдікке қызығушылықты арттыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Бұршақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды топтасқан жерден сигнал	құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық сақтау әдетін қалыптастыру. "Кім тыныш?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру. - Балалар, қазір аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік. Сайға қарай адымдаймыз, Түрлі дыбысты тыңдаймыз. Көрейік. Бұл қай бұрыш? Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ... - Қанекей, балалар, аяқтың ұшымымен тыныш жүрейік ...
--	---	--	--	--

арттыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Жүрейік" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды саппен, бір-біріне соғылмай, белгілі бағытта ырғақпен адымдап жүру дағдысын қалыптастыру, достыққа, шапшандыққа тәрбиелеу. Жүрейік, жүрейік, Қолды көкке сермейік, Күнге сәлем берейік, Шапалақтап, күлейік. "Шашылған бұршақтарды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды	көркемсөзге сай қимылдауға, жағымды эмоциялармен жауап беруге ынталандыру; дене бұлшық еттерін, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту; жаңғақтардың күзде пісетіні туралы ұғымдарын қалыптастыру. - Балалар, күзде орман ағаштарының жаңғақтары да піседі. - Қанекей, балалар, піскен жаңғақтарды жинайық. Педагог балаларды өзімен бірге ертіп жүріп, бір бағытта жүргізіп, ағаштан жаңғақты жинауды көрсетеді, балалар оған еліктейді. Балалар біресе жүріп, біресе тоқтайды, қолдарын жоғары созады, аяқтың ұшына тұрады, қайта тұрып, ары қарай	ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуды үйрету. Педагог балаларға ойын шартын түсіндіреді: "Балалар, сендер қаздар боласындар. Мені мұқият тыңдаңдар. Сөздерді менің соңымнан қайталауға болады. Мен "бидай шаш" сөздерін айтқанда, маған қарай қолдарыңды былай жайып, бұлғап жүгіресіндер. Педагог қаздардың қимылдарын балаларға біраз қайталатады. Балалар бір жаққа ауысып кеткенде, педагог алшақтау қарама-қарсы жаққа барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді. Балалардың бір-біріне соғылмауын	бойынша жан-жаққа шашырап бағыттай білу дағдыларын жетілдіру. Табакшада жатты бұршақтар, Барлығы бірдей, доп-домалақтар. Марғау бұршақтарды шашты, Бұршақтар жан-жаққа домалаңдап қашты. "Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларға допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу.	- Бұл жақта не бар екен? - Тамаша! Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. "Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) белгі бойынша тізілуге, белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшандыққа, достыққа тәрбиелеу.
--	--	---	---	--

	шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастарымен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу.	бағыттайды. Орманмен жүрейік, Жаңғақтарды терейік. Бір жаңғақты биіктен, Екіншісін төменнен, Қалғандарын жан-жақтан Шапалақтап алақан. Д. Ахметова "Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балалардың нысанаға (құм салынған қап) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту.	ескеру керек. С. Бегалин "Қазым". - Қазым, қазым, қалқылда, Көлде жүзіп салқында. Жем шашайын - жейсің бе, Кәмпит берші дейсің бе? - Жоқ, жоқ, Кәмпит, тәтті болмайды ас, Арпа менен бидай шаш. "Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Алға қарай жылжи отырып, екі ақпен бірге секіруге жаттықтыру. Далаға алып шығатын материалмен ойындар. Мақсат-міндеттері. Бірге, тату ойнауға, ойыншықтарға таласпай ойнауды		
--	---	---	---	--	--

			үйрету.		
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өзі шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (дербес қимыл әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Көгөністер" дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға көгөністерді айтқызуға ынталандыру, нақпіндерін қолмен ұстау арқылы түйсінуді дамыту, есте сақтауға баулу. Құралдар: көгөністердің нақпіндері. Міне, дәмді көгөністер, Күзге дейін пісіп өскен, Картоп, пияз, қызанақ, Қияр, орамжапырақ. "Көгөністер" атты мультфильмін көру. Балаларды бас кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге, әннің	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Балапан". Мақсат-міндеттері. Балаларды ойыншық балапанның дене мүшелерімен таныстыру және оларды атауды үйрету; құстар мен олардың балапандарының тіршілігі туралы қысқаша түсінік беру; дидактикалық ойындарда балалардың ой-өрісін кеңейту. Балаларды сөйлеу тілін, еске сақтауы мен зейінін дамыту. "Балапандар" қозғалыс ойыны. Педагог: - Балалар, сендер	Сенсорикадан ойын-жаттығу "Үлкен және кішкентай үйшіктер". Мақсат-міндеттері. Балаларға көлемі мен түсінде айырмашылығы бар геометриялық пішіндерді салыстырып, сенсорлық сипаттарын ажыратуды үйрету; геометриялық пішіндердің қасиеттерін байқап, біртұтас бейнені құрастыруды үйрету; салыстыру және құрастыру барысында сөздік нұсқау не үлгі нысанына сүйеніп тапсырмаларды дұрыс орындау қабілеттерін	Сурет салудан ойын-жаттығу "Күн". Мақсат-міндеттері. Балаларды сары борды үш саусақпен ұстап, ұшын қойған жерден бастап, шеңбермен жүріп, қайта сол нүктеге жеткізуді үйрету; шеңбер шеттерінен бастап, жан-жаққа түзу сызықтарды, "сәулелерді", созып салуға машықтау; шеңберді қағаз бетінің ортасына орналастыруға дағдыландыру; салып қалдырған іздерді басынан бастап, аяғына дейін көзбен бақылап отыруды жаттықтыру; педагогтің көрсеткен үлгісіне ойын	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Жемістер мен көгөністер". Мақсат-міндеттері. Балаларды жеміс және көгөніс түрлерімен таныстыра отырып, қабылдау қабілетін, тілін, түйсігін дамыту; эмоциялық көңіл күйлерін қалыптастыру. "Шеңберде жүр балалар" музыкалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Әуен ырғағына сай, белгілі ырғақтық қозғалыстарды жасауға дағдыландыру. "Дана қуыршақты серуенге шығарайық" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға киім түрлерін атауды, оларды ажыратуды үйрету; киіну рәсіміне баулу; қандай киімді қайда киетіні туралы білімдер қалыптастыру. Құралдар: қуыршақ,

	сөздерін қайталауға қызықтыру. (сөйлеуді дамыту, сенсорика, танымдық дағдылар)	балапан боласындар. - Балапандар тауық қорада отырады. Орындықтарға отырғызу. - Балапандарым, аулаға шығындар. Педагог балаларды өзіне қарай ойын алаңына шақырады. - Балапандар аулада аяқтарын жоғары көтеріп жүреді. Қалай жүреді? Көрсетіңдер. Қанаттарын сермеп, жан-жаққа жүгіреді. Қалай? Көрсетіңдерші. Бидайды жерден былай шоқиды: "тоқ-тоқ-тоқ". Қанаттарын сермеп, жан-жаққа жүгіреді. Жарайсындар! Қимылдарды көрсетіп жүру. - Балапандар! Өне үлкен құс ұшып келе жатыр! Қораға жүгіріңдер!	қалыптастыру. Балалардың сенсорлық эталондарды қабылдап, ажырату мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен танымын, байқағыштығы мен эмоциялық сезімдерін дамыту. "Үйшік салайық" іс-тәжірибе жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Геометриялық пішіндерден үйшік құрастыруды үйрету. "Жемістер" дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға жемістерді айтқызуға ынталандыру, нақпішіндерін қолмен сипату арқылы түйсінуді дамыту, еске	арқылы еріп отыруға талпындыру; күннің жарық беру қасиеті туралы түсінік беру. "Күнге не ұқсайды?" дамытушы жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Суреттердің пішінін күннің пішініне сәйкестендендіру. Ұқсастықтарды және айырмашылықтарды табуды үйрету. "Біз шалқандай өстік" Мақсат-міндеттері. Балалардың жағымды көңіл күйлерін қамтамасыз ету үшін бойларын сергіту. "Біз шалқандай өстік". Жаттығуды балаларды шоқайтып отырғызып бастауға болады. Біз шалқандай өстік	куыршақтың киім үлгілері немесе заттық суреттер. - Балалар, Дана куыршақты далаға шығару үшін нені кигіземіз? - Қайда кигіземіз? Көрсетіңдерші. Балалар кезегімен шығып, педагогтің көмегімен киім үлгілерін атайды, киетін жерін көрсетеді, педагогтің көмегімен киінуді үйренеді. Киім үлгілерінің барлығы аталуы керек. (сөйлеуді дамыту)
--	--	--	---	---	--

		Балалар бір-біріне соғылмай, өз орындарын тауып отыруы үшін асықтыруға болмайды. Ойынды екі рет өткізуге болады. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)	сақтауға баулу. Құралдар: жемістердің нақпішіндері. Ал бау-бақшада жемістер, Қызарып, толып піскен: Алхоры, өрік, алма, Алмұрт, апельсин, құрма. (сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)	(орындарынан тұру), Күнге қолды создық (жоғары созылу). Желге қолды бұлғадық (қолдарды бұлғау), Қайта жерге отырдық (қайта отыру). Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту)	
Балалармен жеке жұмыс	"Көкөністер". Міне, дәмді көгөністер, Күзге дейін пісіп өскен, Картоп, пияз, қызанақ, Қияр, орамжапырақ. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	"Жемістер". Ал бау-бақшада жемістер, Қызарып, толып піскен: Алхоры, өрік, алма, Алмұрт, апельсин, құрма. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Ескен Елубай "Құстар, қайтып келіндер!" Қимас әнге салады, Құстар қайтып барады. "Қош болыңдар!" - дегендей, қанаттарын қағады. Сау-саламат болыңдар, Жылы жаққа барыңдар. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	"Алма". Мақсат-міндеттері. Ермексازдан шарды илеу амалын игерту. (мүсіндеу)	С. Әлімқұлов "Әлди, әлди!" Әлди, әлди, бөпешім, Ән сап берем, келе ғой. Жыламашы, көкешім, Жұбатқанға көне ғой. Ұйқың келсе, бөлейін, Тербетейін есікке, Қаз-қаз басшы, көрейін, Барып келші есікке" (көркем әдебиет)
Балалардың үйге	Әңгімелесу: "Баланың тәбетін қалай ашамыз?", "Табиғи азық-түліктердің баланың денсаулығына пайдасы",				

қайтуы (ата-аналарға
кеңес)

"Дәрумендер жемістерде ғана бола ма?"